

«6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
Джолданова Динара Канатовнаның
«Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың
акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациясы бойынша

АВТОРЕФЕРАТ

Қазақстандық білім беру жүйесінің қазіргі жай-куйі білім берудің интерактивтілігін арттыру, оқытудың әртүрлі форматтарын енгізу, стейкхолдерлердің кадрлар дайындауға құштарлығы, білім берудің практикаға бағдарлануы және т.б., көптілді білім беруді дамытуға бағытталуы сияқты білім беру үдерістерімен қатар сипатталады. 2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беретін мекемелердің барлық типтері мен түрлерінде үштілді білім беруді кезең-кезеңімен енгізу басталды. Бұл уақыт талабы болып табылады, өйткені біздің қоғамға тән қостілділік, яғни билингвизм (Қазақстан – көптілді ел) біртіндеп көптілділікпен алмастырылады, ал іске асырылып жатқан үштілділік саясаты барынша негізделген және қажет.

Қазіргі таңда ағылшын тілін білу норма болып табылады, өйткені көпмәдениеттілік пен көптілдік біздің еліміздің мемлекеттік және білім беру саясатының негізі. Ал, ол құзырет пен бәсекеге қабілеттілікпен қатар, жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерді де анықтайды.

Көптілді қоғам тек бір ағылшын тілін шетел тілі ретінде білумен шектелмейді, өйткені көптілді білім - әртүрлі шетел тілдерін үйрену болып табылады.

Қазақстанның тіл саясатын талдай отырып, әрбір қазақстандық бүгінде іске асырылып жатқан, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуі тиіс болатын, үштілділік саясаты көптілді білім беруді дамытуға бағытталғанын атап өткен жөн. Демек, біздің зерттеуіміздің аясында біз «көптілді білім беру», «үштілді білім беру» және «шеттілдік білім беру» ұғымдарын бір синонимдік қатарға қоямыз және осы ұғымдарды Қазақстанның тілдік жағдайы мен саясатына қатысты проекцияда синоним деп санаймыз.

Көптілді қоғамның дамуында шеттілдік даярлау жүйесі немесе шеттілдік білім беру маңызды орын алады, ол көптілді тұлғаны қалыптастыруға, шетел тілдерін білетін кадрларды, атап айтқанда, шетел тілдері мұғалімдерін даярлауға бағытталған.

Біздің зерттеуіміздің басты бағыты ретінде біз шеттілдік білім беруді қарастырамыз, өйткені зерттелетін құбылыстың қалыптасуы шеттілдік білім беру контекстінде жүзеге асырылады, яғни біз болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру туралы айтып отырымыз. Осыған сүйене отырып, біздің зерттеуіміздің аясында жоғарыда

аталған ұғымдардың (шеттілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагог, болашақ шетел тілдер мұғалімі) өзара алмасуы өте қолайлы.

Осылайша, болашақ педагогтердің зерттелетін феноменін шеттілдік білім беру контекстінде қалыптастыру туралы айта отырып, біз болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптасуын зерттейміз.

Шеттілдік білім беру жағдайында, жалпы білім беру жүйесіндегідей, білім беру сапасының мәселелері ерекше назар аударуға тұрарлық: осы тұрғыдан алғанда, бүгінде білім беру сапасын жақсарту үшін қажетті жағдайлар мен әдістерді қайта қарау жүріп жатыр, мұнда педагогтің тұлғасы басты рөл атқарады. Білім беру жүйесін модернизациялау бойынша барлық қадамдарға қарамастан, педагогтардың көпшілігі жұмысбастылықтың салдарынан өз қабілеттерін жетілдіруге және өзіндік білім алуға толықтай көңіл бөлмейді, педагогикалық қызметте өздерін жандандырмайды, акме шыңына жету үшін үздіксіз дайындыққа өздерін бағыттамайды. Осы орайда жоғары білім беру жүйесінің міндеті деп білім алушылардың білімін арттыру ғана емес, сондай-ақ студенттердің дара қасиеттері мен тұлғалық мүмкіндіктерін дамыту деп білеміз.

Педагогикалық қызметте өз ойын білдіре алмау және өз қасиеттерін жетілдіре алмау кәсіби мақсаттардың болмауына, өзін-өзі төмен бағалауға, белгілі бір кәсіби міндетті шешуде қиындықтарға алып келеді, соның салдарынан тұлғалық қасиеттерді, сонымен қатар лидерлік қасиеттерді дамытуды қаламауға итермелейді, ал аталған қасиеттердің қалыптасуына акмеологиялық құзыреттілік маңызды рөл атқарады деп түсінеміз. Қазіргі таңда өз бойында лидерлік қасиеттерді жетілдіре алған педагог білім беру жүйесіндегі үздіксіз өзгеріп жатқан талаптарға бейімделе алады.

Соңғы он жылдың ішінде жоғарыда аталған мәселелерді халықаралық тәжірибеде шешуге әрекет жасалды: мамандардың лауазымдық міндеттеріне, білімдеріне, іскерліктері мен дағдыларына, сондай-ақ кәсіби құзыреттіліктеріне қатысты толықтай баяндалған талаптар түрінде кәсіби стандарттар әзірлене бастады. Бұл қазіргі замандағы еңбек нарығының да талабы болып табылады. Қазіргі замандағы қоғамға қажет болашақ маман тұлғасының кәсіптік білім беру үдерісінің барысындағы даму деңгейі уақыттың әр сәтінде табылатын кәсіби білімдерге деген сұранысты өзіндік субъектілік және танымдық белсенділігі арқылы алдын ала қанағаттандыруға мүмкіндік беретіндей болу керек.

Жоғарыда аталған ойлар педагогтың тұлғалық және кәсіби қасиеттерінің дамуына септігін тигізетін акмеологиялық құзыреттіліктің қалыптасу мәселесін тудырады.

Кәсіби қызметте икемді, динамикалық, түзетуге бейімді, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті маманды қалыптастыру мен дамыту мәселелеріне келесі ғалымдардың еңбектері арналған О.А. Анисимовтың, Л.В. Абдалинаның, А.А. Бодалевтің, Л.С. Выготскийдің, А.А. Деркачтың, В.Г. Зазыкинның, Н.В. Кузьминаның, Л.Н. Леонтьевтің, А.К. Маркованың, К.Р.

Роджерстің, Н.В. Савинаның, В.А. Спивактың, К.Г. Тюриннің, Н.А. Филонованың, Ф.Е. Фидлердің, А.П. Чернышевтың, Л. Эванстың және т.б..

Қазақстанда акмеологиялық құзыреттілікті, болашақ педагогтың кәсібилігін қалыптастыруды, акмеологиялық дайындығын Б.А. Аринова, А.А. Алимбекова, Б.Ж. Бекжанова, А.А. Жайтапова, И.И. Сагдуллаев, А.К. Рысбаева, Т.С. Сламбекова, А.Е. Ташбулатова және т.б. зерттеген.

Қазіргі замандағы білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында кәсіби білікті оқытушының қалыптасуы мен жетілуі мәселесі акмеология атты ғылымның зерттеу нысанына айналды, аталған ғылым саласы жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық пәндердің түйіскен тұсында пайда болып, адамның есею шағында, әсіресе дамуының жоғары деңгейіне жету кезіндегі даму заңдылықтары мен феномендерін зерттейді.

Акмеология ғылым саласы жақында ғана пайда болғандықтан, оның әдістемелік және ұғымдық аппараты жеткілікті түрде әзірленбеген. Соған қарамастан акмеология саласындағы ғалымдардың жүргізілген зерттеулер акмеологиялық тәсілдеме, акмеологиялық технологиялар, акмеологиялық қағидалар, және де акмеологиялық құзыреттілік сияқты ұғымдардың мәнін ашуға септігін тигізді, ал соның ішінде акмеологиялық құзыреттілікті шеттілдік білім беру жағдайында түбегейлі түсіндіру біздің зерттеуіміздің мақсаты болып табылады.

Ғылыми зерттеулерде «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының анықтамаларын кездестіруге болады, алайда осы феноменнің мәні мен мазмұны жеткілікті түрде зерттелмеген: педагогтің диплом алғаннан кейінгі білім алу жағдайында акмеологиялық құзыреттіліктің жетілдіру моделі жасалмаған, болашақ педагогтің лидерлік қасиеттерін дамытудың акмеологиялық құзыреттілікпен байланысы жоқ, осы орайда біздің зерттеуіміз лидер-педагогтың қалыптасуында негізгі буын болып табылатын болашақ педагогтің тұлғалық қабілеттерін дамытуға және жетілдіруге ынталандыруға ықпал етер еді.

Жоғарыда аталған еңбектердің теориялық және практикалық тұрғыдан маңыздылығы сөзсіз, бірақ болашақ педагогтардың шеттілдік білім беру контекстіндегі акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі теориялық түсіну мен эксперименттік зерттеу тұрғысынан зерттелмеген болып қала береді. Осыған байланысты болашақ педагогтардың шеттілдік білім беру контекстінде акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Сонымен, жоғарыда айтылғандар келесі қайшылықтарды анықтады:

– акмеологиялық құзыреттілікке ие шетел тілдері мұғалімдеріне қоғам қажеттіліктері, білім берумен қойылатын қазіргі заманғы талаптарымен және олардың шеттілдік білім беру контекстінде академиялық лидерлік танытуға ықпал ететін акмеологиялық білімді, біліктер мен дағдыларды іс жүзінде пайдалануға олардың дайындығының жеткіліксіздігі;

– ғылыми-теориялық негізділіктің, ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін әзірлеу қажеттілігімен және осы мәселені шешудің практикалық тәсілінің болмауымен.

Осы қайшылықтарды шешу және оларды шешудің ғылыми-негізделген жолдарын іздеу қажеттілігі біздің зерттеуіміздің мәселесін анықтады. Педагогикалық теория мен практикада бұл мәселенің жеткіліксіз дамуы диссертация тақырыбын келесі тұжырымдамада таңдауға себепші болды: «Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру».

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, зерттеу объектісі, пәні, мақсаты, болжамы және міндеттері анықталды.

Зерттеу жұмысының нысаны: ЖОО-ның тілдік мамандықтарының білім беру процесі.

Зерттеу жұмысының пәні: болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін теориялық тұрғыдан негіздеу, әзірлеу және тәжірибелік сынақтан өткізу.

Зерттеу жұмысының болжамы: егер болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделін ЖОО-ның тілдік мамандықтарының білім беру үдерісіне еңгізсе, онда бұл жалпы олардың кәсібилігінің қалыптасуына оң әсер етеді, өйткені студенттер шеттілдік білім беру контекстінде академиялық лидерлік танытуға ықпал ететін акмеологиялық білімге, біліктерге, практикалық тәжірибеге ие болады.

Зерттеудің мақсаты мен ұсынылған болжамға сәйкес келесі міндеттер қойылды:

– шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұнын анықтау;

– шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігінің қалыптастыру факторы ретінде академиялық лидерлікті айқындау;

– ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін әзірлеу;

– ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

Қойылған міндеттерді шешу үшін және болжамды тексеру үшін келесідей ғылыми зерттеу әдістері қолданылды:

– *теориялық* (зерттеліп отырған проблема бойынша психологиялық-педагогикалық, лингвомәдениеттанымдық әдебиеттерді талдау; білім беру саласындағы нормативтік - құқықтық құжаттарды талдау; ЖОО нормативтік құжаттарын талдау; ғылыми модельдеу);

– *эмпирикалық* (педагогикалық эксперимент; бақылау; әңгімелесу; сауалнама; студенттер қызметінің өнімдерін зерттеу; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау және жалпыландыру).

– математикалық статистика әдістері.

Зерттеу жұмысының теориялық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде әзірленген ойлар қалады:

– оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру саласында (Ю.К. Бабанский, А.С. Гаязов, В.В. Давыдов, Т.А. Ильина, П.П. Козлова, В.С. Леднев, И.Я. Лернер, А.М. Матюшкин, М.И. Махмутов, М.Н. Скаткин, Р.З. Тагариев және т.б.);

– акмеология теориялары (О.А. Анисимов, Е.Н. Богданов, А.А. Бодалёв, Л.Е. Варфоломеева, А.С. Гусеева, А.В. Кириченко, Н.А. Коваль, Н.И. Конюхов, Н.А. Корниенко, Е.А. Климов, Л.Г. Лаптев, А.К. Маркова, В.Г. Михайловский, Д.А. Мамонт, А.С. Огнев, В.В. Петрусинский, А.А. Реан, А.З. Рахимов, А.Л. Руткевич, Н.А. Рыбников, И.Н. Семенов, М.Ф. Секач, А.П. Ситников, С.Ю. Степанов, Ю.В. Синягин, Е.И. Степанова және т.б.);

– жеке тұлға, бірегейлік, өзін-өзі дамыту теориялары (К.А. Абульханова-Славская, В.С. Библер, Л.С. Выготский, И.А. Ильева, Л.Н. Коган, А.Н. Леонтьев, В.М. Межуев, Р. Стогдилл, И.В. Шубина және т.б.);

– үздіксіз білім беру теориялары (М.Г. Минин, В.С. Севостьянов, И.А. Сафьянников, П.С. Чубик және т.б.);

– көптілді, үштілдік, шеттілдік білім беру теориялары мен практикалары (Н.Е. Буланкина, М.Б. Бимуханова, Б.А. Жетписбаева, Л.Ш. Исмагамбетова, С.С. Кунанбаева, Г.Ж. Лекерова, Г.У. Осымова, С.Д. Полатова, С.Н. Рягин, Л.С. Сырымбетова, С.И. Садыбекова, Г.К. Тлеужанова және т.б.);

– кәсіби және аутопсихологиялық біліктілік (В.И. Байденко, Н.В. Кузьмина, А.В. Хуторской және т.б.);

– акмеологиялық құзыреттілік (Л.В. Абдалина, В.И. Байденко, Л.С. Выготский, Н.В. Кузьмина, А.Н. Леонтьев, Н.А. Низовских, К.Г. Тюрин, Н.С. Толстоухова, Н.А. Филонова, А.В. Хуторская және т.б.);

– лидерлік және лидерлік қасиеттерді дамыту теориялары (Ш.Е. Альжанов, Б. Басс, А. Байтурсынов, М. Дулатов, Ш. Есмұханбетулы, М.Жумабаев, К. Кассинелли, А. Кунанбаев, Г.Б. Кертаева, Л. Петрулло, А.К. Рысбаева, Т.С. Сламбекова, С. Торайғыров Дж. Хант, К.К. Шалгинбаева және т.б.);

– мұғалімдер қызметінің кәсібилігі (В.И. Андреев, Э.Т. Ардаширова, Р.М. Асадуллин, К.Ш. Ахияров, А.А. Бодалев, Б.С. Гершунский, А.А. Деркач, В.Г. Зазыкин, В.И. Загвязинский, Н.В. Кузьмина, Н.Д. Никандров, Я.А. Пономарёв, Ф.Ш. Терегулов, А.П. Чернышев және т.б.);

– болашақ педагогтардың кәсіби білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері саласындағы (О.А. Абдуллина, Ю.П. Азаров, Ф.Н. Гоноболин, В.И. Завьялов, С.И. Кисельгоф, В.В. Краевский, В.А. Слостенін, Л.Ф. Спирин және т.б.).

Зерттеу базасы: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің шетел тілдер факультеті;

Зерттеудің негізгі кезеңдері

Бірінші кезеңде (2018-2019) зерттеліп отырған мәселе бойынша шетелдік және отандық авторлардың ғылыми әдебиеттеріне талдау жүргізілді, зерттеудің ғылыми және тұжырымдамалық аппараты анықталды, акмеологиялық құзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтау үшін тұрақтандыру эксперимент жүргізілді, педагогикалық модельді әзірлеу іске асырылды және ЖОО жағдайындағы болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру шарттары анықталды.

Екінші кезеңде (2019-2021) қалыптастырушы эксперимент жүргізілді, оның барысында ЖОО жағдайындағы болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделін апробациялау жүзеге асырылды.

Үшінші кезеңде (2021-2022) ЖОО жағдайындағы болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру моделін енгізу тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру, зерттеу болжамымен салыстырылған эксперименттің қалыптастырушы және бақылау кезеңдері барысында алынған нәтижелерді өңдеу жүргізілді, қорытындыларды тұжырымдау, ұсынымдар әзірлеу, диссертацияны рәсімдеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:

- шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны анықталды;
- шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру факторы ретінде академиялық лидерлік анықталды;
- ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі әзірленді;
- ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы ЖОО жағдайында болашақ шетел тілдері мұғалімінің акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде алынған нәтижелерді пайдалану, оқу үдерісіне ақпараттық-әдістемелік кешенді әзірлеу және енгізу, сонын ішінде:

- тілдік мамандықтар білім алушыларына арналған «Педагогикалық акмеология» оқу-әдістемелік құралы;
- тілдік мамандықтар білім алушыларына арналған «Педагогикалық акмеология» электронды оқу-әдістемелік құралы;
- 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығына арналған «Педагогикалық акмеология» оқу-әдістемелік кешені;
- шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының студенттеріне арналған «Педагогикалық акмеология» авторлық элективті курсы;
- «Лидер» студенттік клубының бағдарламасы («Лидер» клубының жұмыс істеу аясындағы аудиториядан тыс іс-шаралар блогы) (Қосымша Г).

Қорғауға келесі ережелер шығарылады:

1. Негізділігі педагогикалық ғылымдағы терминжасам теориясына тіректенген, шеттілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтердің «акмеологиялық құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұның автор тұрғысынан түсіндіру, біздің түсінуімізше ол «пәндік және кәсіби құзыреттіліктері мен академиялық лидерліктің қағидаттарын біріктіруге негізделген, өзін-өзі даму стратегиясын іске асыру дайындығына, шеттілдік оқыту мәселелерін шешуге, яғни көптілді тұлғаны дамытуға, кәсіби қызметтің белсенді субъектісін қалыптастыруға бағытталған, болашақ шетел тілдері мұғалімі тұлғасының кәсіби құрамдас бөлігі».

2. Академиялық лидерлік шеттілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыру факторы болып табылады, оның мәнін біз «кәсіби салада «мен-кәсіпқой» бейнесіне қол жеткізуді және лидерлік қасиеттерді дамытуды қамтамасыз ететін, кәсіби даму стратегияларын, өзіндік тиімділік және өзіндік рефлексия үдерістерін басқаруға педагогтің дайындығы» - деп түсінеміз.

3. Үштілділік саясаты жағдайында қоғамның, білімнің, тұлғаның мүдделерін оңтайлы іске асыруды қамтамасыз ететін және мақсатты, мазмұндық, процессуалды-іс- әрекеттік, бақыау - бағалаушы, нәтижелі блоктармен ұсынылған шеттілдік білім беру контекстіндегі болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделі.

4. 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бакалаврларының акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттары, біз оларды педагогикалық үдерістің сыртқы жағдайларының жиынтығы, шеттілдік білім беру контекстінде академиялық лидерлікті көрсетуге ықпал ететін акмеологиялық білімдер, біліктер, практикалық тәжірибе алуының алғышарттары ретінде түсінеміз:

– студенттердің лидерлік сапаларын дамыту үдерісіне педагогикалық мониторинг ұйымдастыру;

– студенттерді оқытушылармен бірлескен шығармашылық іс-әрекеттерге қатыстыру;

– студенттердің лидерлік сапаларының дамуына педагогикалық қолдау көрсету;

– ақпараттық – әдістемелік кешен.

5. Шеттілдік білім беру контекстінде болашақ педагогтардың акмеологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделінің тиімділігін растайтын тәжірибелік-эксперименттің тексеру нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы және енгізілуі. Диссертациялық жұмыстың мазмұны автордың 7 еңбегінде көрініс тапты, оның ішінде Scopus базасында – 1, ҚР БҒМ БҒСҚК ұсынған басылымдарда – 3, халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында – 3. Сонымен қатар, авторлық куәлігі (Қосымша А) бар «Педагогикалық акмеология» атты оқу-әдістемелік құрал әзірленді және баспаға шықты. Әзірленген оқу-әдістемелік құрал тәжірибелік-педагогикалық режимінде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды

Университетінің шетел тілдер факультеті базасында мақұлданды (Қосымша Ө).

Диссертацияның құрылымы және көлемі. Диссертация 147 беттен және кіріспе, екі бөлім, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Диссертацияда 7 қосымшалар, 28 кестелер мен 13 сурет бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 128 дереккөзден тұрады.